

**Түркістан қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
«NIS Share» жобасы бойынша әрекетті зерттеу тобы**

Case study

Біз қалай бастадық

Түркістан қаласындағы 643 оқушысы бар химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде (НЗМ) біз SHARE жобасына қатысуға өтінім бердік. Біз бірнеше семинарларға қатысып, әрекетті зерттеу тобы ретінде мектепті толғандыратын проблемаларды талқылай бастадық. Біз зерттеуімізді мектеп директоры, директордың орынбасарынан және ағылшын тілі, жаһандық перспективалар, химия, биология және математика пәні мұғалімдерінен тұратын шағын команда ретінде бастадық. Біздің мектептің Қазақстан бойынша барлық 20 НЗМ мектеп филиалдарының ішінде оқушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейі бойынша соңғы орында тұрғаны бізді қатты алаңдатты (1-кесте). Бұл жай ғана статистика емес, нақты салдары бар мәселе екенін көрсетті. Action Research тобы ретінде біз сұрақтар қоя бастадық: Неліктен біздің оқушылар ағылшын тілін меңгеруде қиналады? Ең бастысы, бұл тілдік кедергі олардың ағылшын тілінде оқытылатын басқа STEM пәндерін түсінуіне әсер етуі мүмкін бе? *Зерттеу сұрағы: Ағылшын тілі деңгейінің, оқушылардың STEM пәндеріндегі оқу үлгеріміне әсері.*

Біздің Action Research зерттеуіміз осылай басталды. Біз ағылшын тілі және STEM мұғалімдерінің пәнаралық тобын құрдық және оқушылардың ағылшын тілі деңгейі төмен болуы басқа пәндерден оқу үлгеріміне де кедергі келтіруі мүмкін деген гипотезаға келдік. Біздің болжамымыз қарапайым әрі түсінікті еді – егер оқушылар ағылшын тілін жақсы меңгермесе, олар жаратылыстану сабақтарындағы ұғымдарды, сөздік қорды және нұсқауларды түсінуде әрине қиналады. Осылайша, негізгі фактор ретінде біз сабақтарды бақылай бастадық және мынадай сұраққа жауап алғымыз келді: Сыныпта қандай іс-әрекеттер болып жатыр? Тәжірибемізге ой жүгірте отырып, енді біз бастапқыда қойған сұрақтарымыздың қате екенін түсіндік: Мұғалімдер сабақта қандай әдісті қолданады? Олар тиімді ме? Мұғалімдердің біліктілігі қаншалықты? Олар оқушыларды ынталандыра ма? Олар сабақтарды оқушы деңгейіне қарай бейімдей ме? Олар тиісті материалдарды пайдалана ма? Сұрақтар негізінен сабақ беру туралы емес, мұғалімдер туралы болды.

Мектеп басшылығы алдымен мұғалімдердің сабақты ұйымдастыру тәсілін жақсартуға баса мән берді. Зерттеу тобы ретінде біз де ағылшын тілі және жаратылыстану сабақтарын бақылау барысында оқыту әдістеріне назар аудардық, мұғалімдерге кері байланыс беріп отырдық қолданылған әдістеріне. Әйтсе де, мұғалімдерге бағыт-бағдар беру маңызды болса да, оның өз алдына жеткіліксіз екенін көп ұзамай түсіндік. Біз күтпеген тереңірек мәселелердің бар екенін аңғардық.

Сұхбаттар

Осы уақытқа дейін біз ағылшын тілінің төмен деңгейде екеніне және оның STEM пәндерге әсеріне баса назар аудардық. Мәселені тереңінен түсіну үшін біз ағылшын тілі және жаратылыстану бағытындағы мұғалімдермен сұхбат жүргіздік. Біз сондай-ақ әртүрлі сыныптардағы оқушылардан сауалнама жүргізіп, бірнеше апта бойы сабақтарды бақылап отырдық. Бірақ бұл бақылаулар мұғалімдерді бағалау үшін ғана емес, оқушылардың шын мәнінде қандай тәжірибені бастан өткеріп жатқанын түсінуге ықпал етті. Мұғалімнің сұхбатынан бірнеше қайталанатын проблемаларды байқадық. Ағылшын

тілі мұғалімдерінің айтуынша, көптеген оқушылар мектепке өте төменгі ағылшын деңгейімен түседі, және NIS Program-ның күрделілігіне байланысты, бұл оқушыларға оқу жоспары бойынша сабақ беруді оңай емес екендігін айтты. Сондай-ақ, бақылаулар барысында кейбір мұғалімдердің сабақта дифференциацияны қолдануға қиналатынын байқадық. Бірнеше мұғалімдер осы төменгі деңгейлердегі оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін ресурстардың жетіспейтінін айтты. Сонымен қатар, жаратылыстану мұғалімдері де ұқсас проблемаларды атап өтті. Сұхбат барысында олар оқушылардың ағылшын тіліндегі күрделі ғылыми идеяларды түсінбейтінін айтты. Себебі, олар тілдің өзін түсінуге қиналатынын айтты. Көп жағдайда, оқушылар ғылыми терминологияның ағылшын тіліндегі мағынасын нақты түсінбесе де, жаттап алатынын аңғарған.

Кесте-1. Ағылшын тілі пәні бойынша НЗМ мектептердің орташа балл рейтингі.

<i>Зияткерлік мектеп атауы</i>	<i>2024 нәтиже (ең жоғары нәтиже көрсеткен мектептер бірінші болып тізімде)</i>
<i>Көкшетау қ. ФМБ НЗМ</i>	<i>1</i>
<i>Астана қ. ФМБ НЗМ</i>	<i>2</i>
<i>Алматы қ. ХББ НЗМ</i>	<i>3</i>
<i>Алматы қ. ФМБ НЗМ</i>	<i>4</i>
<i>Орал қ. ФМБ НЗМ</i>	<i>5</i>
<i>Талдықорған қ. ФМБ НЗМ</i>	<i>6</i>
<i>Ақтөбе қ. ФМБ НЗМ</i>	<i>7</i>
<i>Өскемен қ. ХББ НЗМ</i>	<i>8</i>
<i>Қарағанды қ. ХББ НЗМ</i>	<i>9</i>
<i>Павлодар қ. ХББ НЗМ</i>	<i>10</i>
<i>Ақтау қ. ХББ НЗМ</i>	<i>11</i>
<i>Тараз қ. ФМБ НЗМ</i>	<i>12</i>
<i>Петропавл қ. ХББ НЗМ</i>	<i>13</i>
<i>Семей қ. ФМБ НЗМ</i>	<i>14</i>
<i>Қостанай қ. ФМБ НЗМ</i>	<i>15</i>
<i>Атырау қ. ХББ НЗМ</i>	<i>16</i>
<i>Шымкент қ. ФМБ НЗМ</i>	<i>17</i>
<i>Қызылорда қ. ХББ НЗМ</i>	<i>18</i>
<i>Шымкент қ. ХББ НЗМ</i>	<i>19</i>
<i>Түркістан қ. ХББ НЗМ</i>	<i>20</i>

Бақылаулар

Сыныптағы бақылаулардың арқасында, біз өзіміз де біраз іс-әрекеттерді байқадық. Көптеген жаратылыстану сабақтарында мұғалімдер уақытты басқарудан қиналатындары байқалды. Кейбір ағылшын тілі сабақтарында біз оқушылардың бұрынғы білімімен тізбектелген, ұқсас тақырыптарды оңай түсінетінін байқадық. Әсіресе, сабақ ағымы оңайдан қиынға қарай ауысқанда, оқушылар айтарлықтар қиналмады. Бірақ оқушыларға күтпеген, күрделі және жаңа сөздерге толы тапсырмалар берілгенде, оқушылардың тақырыпты баяу түсініп жатқаны байқалды.

Біз сондай-ақ сауалнамалар арқылы оқушылардың пікірлерін жинадық және көптеген оқушылар кейде ағылшын тілінде өтілетін сабақтарды түсінуден қиналатындарын мойындады. Оқушылар әсіресе академиялық ағылшын тілі қолданылатын сабақтарда көбірек қиналатындарын атап өтті. Кейбір оқушылар сабақ мазмұнын толық түсінбесе де, ағылшын тіліндегі терминдері жаттап жүретіндерін айтты.

Зерттеу сұраған қайта қарау

Бастапқыда, біз мұғалімдердің оқыту әдістерін өзгертуге және ағылшын тілі мен жаратылыстану пәндерінің нәтижелерін бір уақытта жақсартуға қатысты күрделі мәселені шешуге тырысқанымызбен, бұл біз ойлағандай нәтижелі болмады. Әр пәннің өзіндік талаптары, оқу жоспарының ерекшеліктері және мазмұнына байланысты, бұл өз зерттеуіміздің үлгерімін бақылауды қиындатты. Зерттеу аясында, бір емес, бірнеше пәндер бойынша жұмыс істеу қажет болғандықтан, бұл зерттеуімізді тым кең, нақтылы жоқ тәжірибеге айналдырды. Сондай-ақ, зерттеудің ауқымдылығына байланысты, өз тәжірибемізді басқару қиындап кетті. Біз тым көп деректерге тап болдық. Сол себепті, біз зерттеуіміздің аясын тарылтып, тек ағылшын тілі деңгейіне ғана тоқталуды жөн көрдік. Бұл процесті басқаруға мүмкіндік берді біз шешкіміз келген мәселені тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Негізгі мәселеге қайта оралу

Біздің алдымыздан шыққан тағы бір маңызды мәселе – зерттеуіміздің басында сұрақтарды қалай құрғанымыз болды. Біз бастапқыда назарымызды оқыту үдерісіне емес, мұғалімдердің өздеріне тым көп аударып қойдық. Қойылған сұрақтар көбінесе мұғалімнің әрекетіне бағытталды: мұғалім қандай әдісті қолданады? Бұл әдіс тиімді ме? Мұғалім қаншалықты білікті? Ол оқушыларды ынталандыра ала ма? Сабақ құрылымын реттей ме? Қажетті материалдарды қолдана ма? Бұл сұрақтар маңызды көрінгенімен, олар бізді сабақтағы оқытудың нақты мазмұны мен құрылымына емес, мұғалімнің жеке стиліне шоғырлануға жетеледі.

Уақыт өте келе біз сабақтағы көптеген қиындықтардың негізі – әлсіз немесе жүйесіз жоспарлаудан туындайтынын түсіндік. Көбінесе тапсырмалар арасында логикалық байланыс болмады, сабақ мақсаттары оқушыларға түсініксіз берілді, ал күрделі тапсырмадан жеңіл тапсырмаға өту бірізділіксіз немесе түсініксіз болды (бұл тұжырымдар мұғалімдер мен оқушылар сұхбаттарынан алынды). Сонымен қатар, саралап оқыту (дифференциация) жүйелі түрде ескерілмей жатты.

Мұғалімдермен жүргізілген сұхбаттар мен бақылау нәтижелерін талдай отырып, біз негізгі мәселе – қарапайым, нақты, күнделікті жоспарлаудың болмауы екенін анықтадық. Осы жаңа түсінік бізді зерттеудің келесі кезеңіне бағыттады және біз өз мақсатымызға сай келетін нақты зерттеу сұрағын айқындадық: *The Impact of structured lesson planning on English proficiency development in second language learners - Сабақ жоспарлаудың ағылшын тілін екінші тіл ретінде меңгеруге әсері*. Бұл жаңа көзқарас бізге келесі нақты әрекеттерге көшуге негіз болды: а) біз зерттеу аясын тарылтып, тек ағылшын тілі мұғалімдерін негізгі фокус тобы ретінде таңдадық, өйткені деректің шамадан тыс көптігі өзгерістерді тиімді қадағалауға кедергі келтірді; б) мұғалімдерге бір-бірінің сабақтарына қатысып, сындарлы кері байланыс беруді ұсындық; с) негізгі мәселе – сабақты жоспарлау үдерісінде жатқанын түсіне отырып, біз бұл тұжырымды нақтылай түсу үшін ағылшын

тілі мұғалімдерінің сабақтарына жүргізілген бақылау деректері негізінде SWOT талдау жасадық.

SWOT талдау

Сабақты құрылымдық жоспарлауға назар аударып, зерттеу сұрағымызды нақтылағаннан кейін біз ағылшын тілі пәні мұғалімдерін бір-бірінің сабақтарына қатысып, сындарлы кері байланыс беруге шақырдық. Әрбір мұғалім өз әріптесінің сабағына бақылаушы ретінде қатысып, бағалау мақсатында емес, үйрену, рефлексия жасау және өзара тәжірибе алмасу үшін жұмыс істеді. Бұл үдеріс біздің әдістемелік бірлестікте ашықтықты дамытуға, өзара қолдау мәдениетін қалыптастыруға және шешім қабылдау үдерісінде мұғалімнің қатысуын қамтамасыз етуге ықпал етті. Мұғалімдер бір-бірінің сабақтарын бақылай отырып, сабақтың қалай жоспарланғанын, қалай өткізілгенін және оқушылардың оны қалай қабылдағанын байқады.

Жиналған бақылау нәтижелері мен пікірлер негізінде біз әдістемелік отырыста бірге **SWOT талдау** жүргіздік. Бұл талдау бізге келесі төрт маңызды бағытты нақты анықтауға көмектесті:

1. Қандай жақтарымыз күшті болды;
2. Қай тұстарды жақсарту қажет болды;
3. Қандай мүмкіндіктер бар еді;
4. Қандай қауіп-қатерлерге назар аудару керек болды.


SWOT талдауы біз үшін тек формалды қадам емес, нақты әрі қолданбалы **жоспарлау құралына** айналды. Мысалы, біз мұғалімдердің оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін *Сократтық семинар*, *Speed Dating* сияқты әдістерді сәтті қолданып жүргенін байқадық. Бұл әдістер оқушыларды қызықтырып, сабаққа тартуға жақсы мүмкіндік берді. Алайда, көп жағдайда сабақ мақсаттары формалды түрде айтылып, нақты оқу үдерісін бағыттау құралы ретінде қолданылмады. Сонымен қатар, кейбір мұғалімдер тапсырмаларға нақты әрі түсінікті нұсқаулар беруде қиындық көрді, бұл оқушылардың тапсырмаларды дұрыс орындауына кедергі келтірді. Кейбір сабақтарда бағалау критерийлері жеткілікті түрде түсіндірілмей, оқушылар өз жұмыстарының қалай бағаланатынын түсінбей жатты.

Сондай-ақ, бір сабаққа тым көп тапсырма енгізу уақыттың жетпеуіне, ал сабақ құрылымының болмауы – мақсат пен нәтижелер арасындағы байланыстың әлсіреуіне әкелді. Дифференциация элементтері мен жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын (сыни ойлау, проблеманы шешу, рефлексия) дамытуға бағытталған тапсырмалар кей сабақтарда мүлде болмады немесе жүйесіз болды.

SWOT талдауының “Мүмкіндіктер” бөлігін талдай келе, мұғалімдер сабақтың әр кезеңіне нақты құрылым қажет екенін ерекше атап өтті. Олар сабақ барысында әр сатыда не істеу керек екенін көрсететін нақты қадамдары бар құрылым сабақ жоспарын құруды жеңілдететінін айтты. Мұндай құрылым мұғалімдерді артық жүктемеден босатып, жоспарлауға бағытталған уақытты тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, олар сабақ мазмұны мен сапасына көбірек көңіл бөле алады. Сонымен қатар, бұл құрылым сабақтың бірізділігі мен сабақ мақсатына жету жолдарын нақтылау арқылы оқушылардың оқу нәтижесін жақсартуға ықпал ететініне сенімділік білдірді.

Бұл кезең біз үшін **құнды сабақтар** берді (1-диаграмма). Біріншіден, деректердің шамадан тыс жиналуы – нақты проблема екеніне көз жеткіздік. Тым көп және шоғырланбаған ақпарат зерттеу үдерісін жеңілдетудің орнына, оны күрделендіріп, прогреске тосқауыл қоюы мүмкін. Екіншіден, **мұғалімнің шынайы қатысуы** – өзгерістің басты шарты. Мұғалімдер тек бақыланушы емес, рефлексия жасап, ұсыныс беріп, шешім қабылдауға қатысқан кезде ғана олар нағыз өзгерістің бір бөлігіне айналады. Үшіншіден, **“негіздерге оралу”** – артқа емес, алға қадам. Қарапайым, нақты және дәйекті сабақ жоспарлау – бұл сапалы оқытудың басты шарты екенін түсіндік.

Диаграмма 1. Біз не үйрендік және қалай әрекет еттік.



Сабақтың 5 фазасы

Ағылшын тілі пәні бірлестігінде жүргізілген SWOT талдауы тиімді тәжірибе ретінде танылған соң, желтоқсан айында өткен әдістемелік бірлестік отырысында біз мектептегі басқа әріптестерімізбен пікір алмастық. Талқылау барысында 2024–2025 оқу жылының алғашқы жартыжылдығында математика, биология, химия, физика, информатика, қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі пәндері бойынша өткізілген сабақтар негізге алынды. Сабақты бағылау негізгі 4 бағыт бойынша жүзеге асырылды. Атап айтқанда, сабақты жоспарлау, оқыту, бағалау және кешенді бағалау. Сабақты бақылау парағы негізінде әр пән бойынша оқытудың 2 ұтымды тұсы мен 2 даму аймағын көрсету ӘБ жетекшілерінен сұралған болатын. Анықталған әр 2 даму аймағының шешу жолдарын талқылау барысында, әр сабақты яғни 40 минутты жүйелеуге келтіру ұсынылды. Бақылау нәтижесінде әдістемелік бірлестік жетекшілері анықтаған негізгі даму аймақтары,

Ағылшын тілі әдістемелік бірлестігінде бұрын байқалған мәселелерге айтарлықтай ұқсас екенін байқауға болады:

Уақыт межелігінің сақталмауы;

1. Бағалаудың тиімді әдіс-тәсілдері, сабақ мақсаты/оқу мақсатына/ сабақта өтілетін тақырыпқа жоспардың құрылмауы;
2. Мұғалім тарапынан және оқушылар арасында өзара сындарлы кері байланысты ұсына алмауында;
3. Саралап оқытудың жоқтығы және әдіс-тәсілдерін қолдануда қиындықтардың бар екендігі, және тереңдетілген білім алу мен оқытуда қиындықтар анықталды.

Осы жоғарыда анықталған, Ағылшын тілі және басқа да пәндерде жиі кездесетін ортақ проблемалардың негізгі шешімі ретінде 40 минуттық сабақты 5 фазаға бөлу ұсынылды. Бұл әдіс сабақтың құрылымын айқынырақ етіп, оны өткізу процесін жүйелі әрі түсінікті етеді. (Диаграмма 2)

Әдістемелік бірлестік жетекшілері арасында осы фазаларды қабылдап, педагогикалық ұжымға таныстыру жүргізілді. 21 қаңтар күні 78 мұғалім фазаларды қолданысқа енгізуге дауыс беріп, педагогикалық ұжымның шешімімен бекітілді.

Бес фазадан тұратын сабақ құрылымын үш ай бойы қолданғаннан кейін мұғалімдер өз пікірлерін бөлісе бастады – жалпы кері байланысқа сәйкес, мұғалімдер фазалардың тиімділігін байқағандарын айтты. Көптеген мұғалімдер бұл құрылым оларға сабақ жоспарын нақтырақ жасауға көмектескенін, сабақтың ретімен өтуіне ықпал еткенін айтты. Олар енді сабақ жоспарын неден бастау керек немесе не қосу қажет деген сияқты сұрақтарда қиналмайтындарын жеткізді. Бұл құрылым әсіресе сабақ құрылымын жасауда қиындық көретін жас мұғалімдер үшін уақытты үнемдеуге көмектесті.

Диаграмма 2 Қабылданған 40 минуттық сабақтың 5 фазасы

фаза	Фаза атауы	Уақыты, мин	Ескерту
I фаза	Starter/Сабақ басы/үй жұмысын тексеру;	5-7	Starter: нақтылаушы сұрақтар арқылы немесе миға шабуыл арқылы сабақ тақырыбын ашу, Жеңілден-қиынға әдісі арқылы тапсырмалар беру арқылы сыныптың 100 пайыз сабаққа қатысуын қамтамасыз ететін әдіс-тәсілдер қолдану арқылы сабақтың тақырып ашу; Үй жұмысын қайталау: сұрақтар және жеңілден-қиынға тапсырмалар беру арқылы үй жұмысын тексеру және сыныптың көпшілігіне қиындық туғызған сұрақтарды талдап, сындарлы кері байланыс беру.

II фаза	Agenda/ Оқу мақсаты оқушымен талдау және құру (оқушыға оқыту жеткіліксіз); Assessment Criteria/ Бағалау критерийлерінің тапсырма мазмұнына сәйкес құрылуы;	2-5	Оқушылармен оқу мақсатына талдау жасау арқылы олардың түсініктерін анықтап, жаңа білімге структуралық жоспар құрғызу. Оқу мақсатына бағалау критерийлерін құрғызу арқылы оқушылардың жаңа білімге деген түсінігін және өткен біліммен жаңа білімді байланыстыра алу дағдысын қалыптастыру және дамыту.
III фаза	Skills Practice/ Жаңа тақырыпты меңгерту оқушының дағдыларына немесе қабілеттері мен қажеттілігіне бағытталуы;	13-18	Жаңа білімді оқытуда тиімді оқыту әдіс-тәсілдерін қолдану. Оқыту форматы student-centered болуы міндетті. Бұл бөлім оқушының дағдыларын, қабілеттерін дамытуға немесе қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталуы міндетті.
IV фаза	Problem Solving/Depth/ Жаңа білімді сараланған тапсырмалар арқылы бекіту;	12	Саралап оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану деңгейлері әр түрлі оңайынан қиынға қарай бірнеше тапсырмалар жиынтығын оқушының қолына ұсыну. Тереңдетілген тапсырамалар түрлері арқылы жаңа білімді бекітіп, оқушының сындарлы ойлауына жағдай туғызу.
V фаза	Success Criteria/Оқушының рефлексиясы және мұғалімнің өз тәжірибесіне рефлексиясы арқылы келесі сабақты жоспарлау.	2-3	Оқу мақсатына және бағалау критерийлеріне қайта оралып, жетістік критерийлері бойынша оқушы сабаққа рефлексия жасайды; Рефлексияға негізделі мұғалім тарапынан оқушыға сындарлы кері байланыс берілуі міндетті.